



Болашақ
көшбасшыларды
дайындаймыз



Haileybury Almaty



Қазақ жүрегімен
ұштасқан британ білімі

Біз беделді британ мектебінің
стандарттары, мәдениеті мен
мүмкіндіктерін қазақ елінің болмысы,
мәдени ерекшелігі және бірлік
рухымен шебер үйлестіреміз.



Haileybury Almaty-ға қош келдіңіздер!

Haileybury Almaty мектебі өз оқушыларының білім деңгейіне ерекше мән береді және IGCSE мен A-Level емтихандарынан жоғары көрсеткіш көрсетуіне жағдай жасайды.

Мектеп түлектері АҚШ, Ұлыбритания, Еуропа, Азия және басқа да елдердің үздік университеттеріне оқуға түседі. Біз жоғары академиялық талаптар қоямыз, оқушыларды білімге құштар және табанды еңбекті бағалайтын тұлға болуға ынталандырамыз, сондай-ақ жан-жақты білім алып, академиялық жетістіктерге жетуіне және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етеміз.

Оқушыларымыздың бәріне мектепте өтетін түрлі үйірмелер мен сыныптан тыс іс-шараларға қатысуға кеңес береміз. Үйірмелер мен сыныптан тыс іс-шаралар оқушының әлеуметтік жауапкершілігін, командалық рухын, өзіне деген сенімін, сондай-ақ тез өзгеріп жатқан әлемде бағдар табуға көмектесетін құндылықтарды қалыптастырады.

Haileybury мектебінде тәрбие жұмысы жүйелі жүргізіледі. Мектебімізде оқушыларымыздың дара қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететін қамқор әрі қолайлы оқу ортасы құрылған.

Біздің мақсатымыз – Haileybury түлектерін жаһандық бәсекелестік жағдайында табысқа жеткізетін маңызды дағдылар мен академиялық біліммен қамтамасыз ету. Оқушыларымыз мектепте өз әлеуетін ашып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жанашыр әрі жауапты тұлға болып қалыптасады деп сенеміз.

Біз Haileybury UK және Haileybury Astana мектептерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз. Дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыз ортақ, жергілікті оқушылар мен қауымдастыққа сапалы қызмет көрсетеміз. Мектебімізге қош келдіңіздер!

Simon Mills

Саймон Миллс
Директор


Haileybury Almaty

A collage of three images showing students in school uniforms. The top image shows four students (three girls and one boy) in white shirts and dark blazers, looking at a laptop. The bottom-left image shows a student in a white shirt and dark blazer using a compass to draw on a large sheet of paper. The bottom-right image shows a student in a white lab coat pouring liquid from a beaker into test tubes in a laboratory setting.

Haileybury Almaty – дәлелденген тиімділік


Haileybury мектебін таңдағанда сіз жетістіктері кездейсоқ емес, мақсатты түрде қалыптастырылатын мектепті таңдайсыз.

Оқушыларымыздың нәтижелері мектебіміз Қазақстанда әлемдік деңгейде британ білімін ұсынатын бірден бір оқу орны екенін дәлелдейді.


Haileybury Almaty – бұл сапалы білім беретін мектеп, британ білімін жеке жұмыс және берік құндылықтармен үйлестіретін орта.

Оқушылардың үлгерімі – әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі

2025 жылғы A-Level
нәтижелері



Нәтижелердің 68% – “A*”
немесе “A” бағалары



Нәтижелердің 84% – “A”
және “B” бағалары

Оқушыларымыз IGCSE және A-Level
емтихандарынан үнемі жақсы
баға алады, олардың нәтижелері
Ұлыбританиядағы әйгілі британ
халықаралық мектептерінің
көпшілігінің нәтижесінен әрдайым
жоғары.



Бұл балаңызға не береді:

- Жоғары баға, берік білім негізі.
- Әлемнің үздік университетіне түсу мүмкіндігі.
- Әлем бойынша жоғары емтихан нәтижелері.
- Үлгерімді құрылымды түрде қадағалау және жеке қолдау.
- 68 біліктілігі жоғары шетелден келген ұстаз.

Гранттар және жалпы ықпал

- Haileybury оқушылардың өмірін өзгертеді.
- Толық және жартылай гранттар.
- Ең қабілетті оқушылардың өмірін өзгертетін мүмкіндіктер.
- Мектеп түлектері бизнес, ғылым, шығармашылық және мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерге жетеді.

Оқушылардымыздың емтихан нәтижелері
әлемдегі көптеген басқа халықаралық
мектептердің нәтижелерінен жоғары.

Haileybury мектебінде оқу



Оқудың әрбір кезеңі академиялық тереңдікке, оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ерекше назар аудара отырып, өте мұқият әзірленген.

Жеке қолдау және түзету жұмысы

Табыс – кездейсоқ келмейді деп сенеміз.

Оқу барысында әр балаға қолдау көрсетіледі, мұғалімдер оқушыларға түсінбеген материалын түсіндіріп көмектеседі. Мектепте оқушы әлеуетін ашуға бағытталған түрлі бағдарламалар өткізіледі.

- Математика және ағылшын тілі пәнінен арнайы қосымша сабақтар
- Oxbridge және Ivy лигасы университеттеріне түсуге дайындық
- Мектепалды даярлық кезеңінде фоника және сауат ашу сабақтары

Осының бәрі оқушыларымыздың әрдайым жоғары нәтиже көрсетуіне алып келеді.



Мектепке дайындық (4 жастан бастап)

Баланы мектепке 4 жастан бастап дайындау – ең дұрыс шешім.

Мектепке дайындық кезеңі – білім әлеміне жасалатын алғашқы сәтті қадам.

Haileybury Almaty мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне ерекше көңіл бөледі.

Біздің шебер мұғалімдеріміз, бір сыныпта оқушылар санының көп болмауы және өте ыңғайлы оқу жағдайының арқасында балалар мектепке өте тез бейімделеді.

4 жастан бастап балалар күні бойы ағылшын тілінде сөйлейтін ортада жүреді, бұл олардың ағылшын тілін тез меңгеруіне ықпал етеді. Олар сондай-ақ басқа балалармен қарым-қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді.



“A Day in the
Reception Class”
бейнесін қараңыз

“Reception сыныбында балалар математика, ағылшын тілі және басқа да негізгі пәндерді оқиды. Сабақтар ойын және қызықты тапсырмалар түрінде өтеді. Балаңыз Haileybury Almaty мектебіне неғұрлым ерте келіп оқи бастаса, сабағын соғұрлым оңай алып кетеді.”

Бастауыш мектеп директоры

Haileybury Almaty-ның бастауыш мектебінде (4-11 жас) қимыл-қозғалысқа толы әрі өте қамқор атмосфера орнаған. Мұнда оқушылардың бойында қызығушылық, сенім және оқуға деген сүйіспеншілік пайда болады. Әр оқушыны үлкен жетістікке апарар жол дәл осы жерден басталады.

“Қосымша оқу мүмкіндіктері берілсе, оқушылар түрлі пәндер бойынша, шығармашылық пен спортта өте жоғары нәтижелер көрсетеді.”

BSO/ISI инспекторы

“Бастауыш мектеп мұғалімдері балама білімнің берік негізін берді.”

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы



5-11
жас

Бастауыш мектеп



1-2 сыныптар

5-7
жас

Әлеуетті ашу

Жоғары тиімді оқыту бағдарламасы (HPL) аясында біз оқушыларда табандылық, шығармашылық ойлау және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытамыз.

Әр балаға қолдау көрсетіліп, қызықты тапсырмалар беріледі, оның жетістіктері мен қабілеттері атап өтіледі.

Бірегей және тиімді оқу бағдарламасы

Мектебіміз британ оқу бағдарламасын негізге алып жұмыс істейді. Міндетті пәндермен қатар бізде келесі пәндер бойынша сабақтар өткізіледі:

- Қазақ тілі
- Өнер және музыка
- Дене шынықтыру
- Робототехника және цифрлық оқыту

Haileybury-дегі сабақтар – бұл оқушыларға нақты өмір туралы кең түсінік қалыптастырып, пән бойынша білімдерін тереңдетуге мүмкіндік беретін қызықты әрі тәжірибе жасауға бағытталған сабақтар.

Оқушылардың әл-ауқаты мен PSHE сабақтары

Біз оқушыларымыздың әл-ауқаты мен тұлғалық дамуына ерекше мән береміз.

PSHE сабақтарында олар мына тақырыптарды талқылайды:

- денсаулық және әл-ауқат
- қарым-қатынас
- үлкен әлемдегі өмір

Біз түрлі ассамблеялар, сыныптан тыс іс-шаралар және тәрбие жұмысы арқылы оқушылардың эмпатиясын, өзіне деген сенімін және эмоциялық интеллектін дамытамыз.





3-6 сыныптар

7-11
жас

Уақыт өте келе балалардың қызығушылығы ұлғаяды, жаңа мақсаттар пайда болады, жан-жақты талдау қабілеті жақсарады.

Мектебіміз балаларды сыни тұрғыдан ойлауға, табандылық танытуға, шығармашыл болуға үйретеді.

6-сыныпқа келгенде оқушылар мұғалімдерінің көмегімен жоғары мектепке ауысуға дайын болады.

Бағалау және жетістіктер

Оқушылардың үлгерімі тұрақты бақылау жұмыстары, мұғалімдердің әріптестерінің сабақтарына қатысуы арқылы бақыланады. Ата-аналар балаларының бағаларын мұғалімдерге тікелей хабарласып біле алады.

Haileybury бірегейлігі

Haileybury бастауыш мектебінде әр күн жаңа нәрсені білуге, сұрақ қоюға және шығармашылықпен айналысуға тамаша бір мүмкіндік береді.

Біз балаларға өз ойын еркін жеткізуге, өзіне сенімді болып өсуге көмектесеміз. Олардың бойына білімге деген сүйіспеншілікті дарытамыз.





“Haileybury
Almaty – бұл
ерекше оқу
орны, сондықтан
сізге мектепте
балалардың дамуы
үшін қандай
жағдай жасалғанын
көрсетуге
асығамыз.”

Haileybury Almaty мұғалімі

Күтілген нәтижелерден де жоғары нәтиже көрсетуге дайын дарынды оқушыларға арналған мүмкіндіктер.

Біз түрлі пәндер бойынша қабілеті бар оқушыларды анықтап, оларға жеке сабақтар, кәсіби қолдау ұйымдастырып, деңгейінің өсуіне қосымша мүмкіндіктер жасаймыз.

Мұндай оқушыларға математика, шығармашылық жазу бойынша күрделі тапсырмалар беріледі, олар пәнаралық зерттеулерге және халықаралық олимпиадаларға қатысады. Мұның бәрі оқушыларды көбірек ізденуге, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге шабыттандырады.

Haileybury Almaty мектебінде оқу – табысқа жетелейтін жол. Бұл оқушылардың әлеуетін ашатын, оларды жан-жақты дамытатын, үлкен мақсаттар қоятын мектеп.

Үлгерімі жоғары оқушылармен жұмыс

Haileybury Outdoor Play бағдарламасы

Haileybury мектебінде оқу сабақтармен ғана шектелмейді.

Үзіліс кезінде инновациялық НОР бағдарламасы қолдауымен балалар ашық алаңда ойнап, қызықты зерттеулер жүргізеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Қардан қала салады, жаңа нысандар жасайды, осылайша өз бетінше жұмыс істеп, қиялын дамытады және командада жұмыс істеуді үйренеді.

НОР бағдарламасы оқушылардың өзіне сенімді, ізденімпаз және ынталы болып қалыптасуына ықпал етеді.




Қазақ тілі мен мәдениеті

Қазақ тілі, дәстүрлері мен қазақ елінің мәдени құндылықтары мектептің күнделікті өміріне жан-жақты кіріктірілген. Осылайша ұлттық болмыс пен әлемдік деңгейдегі халықаралық білім арасында ерекше тепе-теңдік қалыптасады.

Тіл, тарих, әдебиет және бірегей мәдени тәжірибенің арқасында оқушыларымызда қауымдастық сезімі мен қарым-қатынас жасау дағдылары жоғары деңгейде дамыған.



Қазақстанда туып өскен.
Әлемнен шабыт алған.
Болашаққа сеніммен қадам басқан.



Қонақжай, жайлы әрі қолдайтын оқу ортасын қалыптастыру барысында біз тәрбие жұмысына ерекше мән береміз.

10-11 сынып оқушылары (14-16 жас) IGCSE бағдарламасы бойынша оқиды.

Оқу аяқталғаннан кейін олар емтихан тапсырады, оның нәтижелері бойынша A-Level (12-13 сыныптар) бағдарламасына оқуға түседі.



IGCSE
брошюрасы

Жоғары мектеп



11-18
жас




“Haileybury Almaty қауіпсіз ортада оқып, тәрбиеленетін оқушылардың табысқа жету мүмкіндігі жоғары деген пікірді қолдайды.”

Haileybury Almaty оқушыларының қауіпсіздігіне жауапты маман

Тәрбие жұмысы – оқу үрдісінің маңызды бөлігі.

Біз оқушыларымыздың өз әлеуетін толық ашып, мектепке қуана келгенін қалаймыз, сондықтан олардың ақыл-ой дамуы, денсаулығы мен жалпы жай-күйіне үлкен мән береміз.

Оқушылар өмірінің кей сәттерінде қиындықтар туындауы мүмкін екенін жақсы түсіне отырып, біз әрдайым психологиялық қолдау көрсетуге дайынбыз.



Лидия Бейсембаева
Мектеп психологы



Тәрбие жұмысы

“Haileybury Almaty мектебі жоғары деңгейдегі білім берумен қатар, сапалы тәрбие жұмысын да ұйымдастырады.”

Haileybury Almaty оқушыларының қауіпсіздігіне жауапты маман

“Бірде-бір мектеп Haileybury Almaty сияқты оқушыларына қамқорлық жасай алмайды.”

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы



Хаустар



- Сынып жетекшілері, хаус жетекшілерімен тиімді әрі сенімді қарым-қатынас орнатады
- Қауымдастықтың бір мүшесі екенін сезу, көшбасшылық, сенім және табандылық
- Күнделікті қолдау мен тәлімгерлік

Нәтижесі: оқу үлгерімі жоғары, тәртіпті, өзіне сенімді әрі бақытты оқушылар.

Орталық Азиядағы
ең үздік хаус
жүйесі – қауымдас-
тығымыздың
жүрегі



“Мектеп пен мұғалімдер балаларға жай ғана білім бермейді, олардың алдына үлкен мақсаттар қойып, қалыптан тыс ойлауға және өз қызығушылықтарынан бас тартпауға шабыттандырады. Олар – балаларымыздың қолдаушылары мен тәлімгерлері.”

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы



12-13 сыныптарда Haileybury Almaty оқушылары A-Level бағдарламасында оқиды және университетке түсуге дайындала бастайды. Әлемнің үздік университеттеріне түсу үшін олар A-Level емтихандарында жоғары балл жинауы керек.

A-Level – таңдаған пәнді тереңдетіп оқуға және зерттеу дағдыларын дамытуға арналған бағдарлама. Оқушылар 3 немесе 4 пәнді таңдап, оларды тереңдете оқиды. A-Level оқушыларды үздік университеттерге дайындайды, оны көптеген әлем университеттері мойындаған.

“Бізге әлемнің
беделді
университеттеріне
түсу үшін көптеген
мүмкіндіктер
берілген.”

Haileybury Almaty
оқушысы



A-Level
брошюрасы

A-Levels | Sixth Form

16-18

жас





Cornell University



Мектеп түлектері
Harvard, MIT, Yale, Oxford,
Cambridge, Stanford,
Columbia, UCL, Imperial,
UC Berkeley сияқты АҚШ,
Ұлыбритания, Еуропа
және Азияның басқа да
көптеген жоғары оқу
орындарына оқуға түсті.

A-Level нәтижелерінің
84% A-B бағаларын
құрайды*

Біздің түлектеріміздің бәрі
университеттерге түсті.



“Haileybury мен бұрын тек армандай
алған әлемге есік ашты.”

Мектеп түлегі

Оқушыларымыз оқуға түскен
университеттер



Үйірмелер (ССА)

Үйірмелер мен секциялар – Haileybury-де оқудың маңызды бөлігі.

“Мектепте әр түрлі үйірмелер бар, әр оқушы өзін қызықтыратын бағытты таба алады.”

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы

Біз көп үйірме мен клуб жұмыстарын ұсынамыз. Олардың мақсаты – әр оқушы бетпе-бет келетін қиындықтарды жеңіп, өзін жақсырақ тануына, сенімді болуына және жеке болмысын қалыптастыруына көмектесу.

Британ халықаралық мектебіміздің басты құндылықтарының бірі – баланың жан-жақты дамуы. ССА бағдарламасына, сондай-ақ түрлі мамандандырылған спорт жаттығулары, клубтар және оқушыларды жаңа белсенді іс-әрекеттермен таныстыруға арналған мүмкіндіктер кіреді.





Сыныптан тыс жұмыстар



- Тегін үйірмелер.
- Оқу сапарлары, жаңа тәжірибе алу.
- “Эдинбург герцогы жүлдесі” халықаралық бағдарламасы (Орта Азиядағы ең ірі қатысушы).
- Ұзартылған оқу күні мен үйірмелер: спорт, өнер, робототехника, кәсіпкерлік, экология.
- Тек оқу ғана емес – өнер, музыка, қойылымдар, спорт, олимпиада, робототехника, жасанды интеллект және т. б.



Спорт

Спорт Haileybury өмірінде басты орын алады. Спорт арқылы оқушылар мықты және табанды болады, командада жұмыс істеуді үйренеді, көшбасшылық дағдыларын, физикалық қалпын жақсартады, күйзеліске төзімділігі артады.

Haileybury Almaty мектебінде оқушылар көптеген спорт түріне қатыса алады.



“Спорт жарыстары әрқашан жоғары деңгейде өтеді. Оқушылар мен мұғалімдердің белсенді қатысуы баланың мінезін қалыптастыру үшін өте маңызды.”

Haileybury Almaty
оқушысының ата-анасы

Жақсы білім алу
үшін жасалған ең
қолайлы жағдай



“Батыл
мақсаттарға
шабыттанды-
ратын оқу
ортасы.”








“Maker Space” шеберханасы және робототехника зертханасы

“Біз Haileybury оқушылары үшін
ең озық технологиялармен
жабдықталған заманауи, экологиялық
және динамикалық робототехника
зертханасын құрғымыз келеді.”

Haileybury Almaty мұғалімі

Шеберхана мен робототехника зертханасында оқушыларымыз болашақ мамандықтарды игеріп жатыр. Haileybury Almaty робототехника оқу бағдарламасы цифрлық бағдарламалаудың негізгі дағдыларын дамыту және есептерді шешуге бағытталған тапсырмалардан тұрады. Haileybury Almaty оқушыларға STEAM және инженерлік жобалау бағытында өздерін сынап көруге мүмкіндік береді.



“Робототехника
зертханасында жобалар
жасауға қажетті 3D
принтерлер және басқа да
құралдар бар.”

Haileybury Almaty оқушысы



Театр үйірмесі және музыка

“Haileybury Almaty мұғалімдері оқушылары пәнді жақсырақ түсіну және оқу үрдісін қызықты етуге көмектесу үшін оқытудың инновациялық әдістерін қолданады.”

BSO/ISI инспекторы

Haileybury Almaty-да оқушылар оркестр, музыкалық топтар, театр труппасы, қойылымдар, театр үйірмесі сияқты түрлі қызық топтарға қатыса алады. Мектепте музыка кабинеттері, дыбыс жазу студиясы, дайындық кабинеттері бар. Мамандандырылған музыка бағдарламасы бастауыш және жоғары сынып оқушыларының көңілінен шығып жатыр.



“Эдинбург герцогының жүлдесі” халықаралық бағдарламасы



Біздің мектебіміз “Эдинбург герцогының жүлдесі” бағдарламасының қатысушысы. Бұл – 14-25 жас аралығындағы қызығушылық танытқан жастарға арналған, жеке тұлға дамуына бағытталған беделді халықаралық бағдарлама. Бағдарламаға қатысушылар өзінің күш-жігері мен мүмкіндіктерін сынап көреді.

Бұл – жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған әлемдегі ең үздік бағдарламалардың бірі. Бағдарлама әлемнің 130 елінде жүзеге асырылады және оған 7,9 миллион мектеп оқушысы мен студент қатысады.

Haileybury Almaty – Орталық Азиядағы осы бағдарламаның ең ірі қатысушысы.

Эдинбург герцогының жүлдесі – әлеуметтік қарым-қатынас пен командалық жұмыс жағдайында тұлғаны жан-жақты дамытуға (ақыл, дене және рух) бағытталған іс-шаралар бағдарламасы. Оқушылар өз тәжірибелері арқылы өзін тәртіпке шақырудың, ұйымдастырушылықтың, бастамашылдықтың және табандылықтың маңызын терең түсінеді.





Haileybury Connect Kazakhstan

Біз үшін мектеп түлектерімен
тығыз байланыста болу өте
маңызды. Haileybury Connect
Kazakhstan – Haileybury Almaty
және Haileybury Astana мектептерін
бітірген оқушыларды біріктіретін
түлектердің ресми қауымдастығы.

Мектеп түлектері





Ата-аналармен серіктестік

Әрбір ата-ана баласы біздің мектепке оқуға түскен сәттен бастап автоматты түрде Haileybury ата-аналар қауымдастығының (НРА) мүшесіне айналады.

Қауымдастық жаңа оқушылар мен олардың ата-аналарына мектеп қауымдастығында өзін еркін сезінуге көмектеседі және достық қарым-қатынасты нығайту үшін әртүрлі іс-шаралар өткізеді.



- Мейірімді мұғалімдер мен мектеп басшылығының қол жетімділігі
- НРА-мен серіктестік
- Оңай бейімделу кезеңі

Біз әр баламен қатар, әр ата-ананы да танимыз.

Мектепке түсу

1

Мектеп турына жазылыңыз немесе өтінімді толтырыңыз



2

Қабылдау тестінен өтуге келісім беріңіз



3

Құжаттарды тапсырыңыз және тіркеу жарнасын төлеңіз



4

Сұхбат



5

Нәтижелерді жариялау



6

Мектепке қабылдану үшін құжаттарды тапсырыңыз



Сіздерді мектебімізге шақырамыз! Келіп, Haileybury Алматы мектебінің артықшылықтарын өз көзіңізбен көріп кетіңіз. Қабылдау комиссиясының қызметкерлері сізге мектепке түсу барысында көмектеседі және сұрақтарыңыздың бәріне жауап береді.



Форманы
толтырыңыз



Балаңыздың өсуі мен дамуы үшін теңдесі жоқ мүмкіндіктер ұсынамыз.



810-нан
астам оқушы

30-дан
астам ұлт өкілі

70
британ мұғалімі

Мектебіміз туралы толық ақпарат білгіңіз келеді деп үміттенеміз. Сіз үшін мектеп тұрын ұйымдастыруға дайынбыз.

Қабылдау комиссиясының байланыс деректері:

admissions@haileyburyalmaty.kz

Тел.: +7 (727) 355 01 00.

Форманы толтырыңыз.

Көріскенше!



Haileybury Almaty

Мақсаттар мен армандар орындалатын орын.





Alikseniia, 23'



HARVARD
UNIVERSITY



Darina, 25'



fare and
astoral

Daniyar, 19'



Co-c

Haileybury

Educating future



UNIVERSITY OF
OXFORD



Massachusetts
Institute of
Technology

Togzhan, 21'



Maiya, 22'



UNIVERSITY OF
CAMBRIDGE

www.haileybury.kz

admissions@haileyburyalmaty.kz

T: +7 (727) 355 01 00

 @haileybury_almaty

 @haileybury_almaty

 @haileyburyalmaty

 @haileyburyalmaty

Haileybury Almaty мектебі оқушылардың
қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бар
күшін салады.



Haileybury Almaty

Уәде емес, нәтиже